

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1902 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 26 қарашадағы N 467. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 24 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2098. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) .

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1902 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің " Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 1-14 шілдеде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Банктердің 2002 жылғы 1 тамызға дейін тартылған, бастапқы өтеу мерзімі 5 жылдан кем емес және аталған қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереженің 6-тармағында белгіленген, реттелген борыштарға қойылатын талаптарға жауап бермейтін реттелген борыштары мынадай тәртіппен банктің меншікті капиталының есебіне к і р е д і :

2003 жылғы 1 қаңтарға дейін:

борышты өтеу басталғанға дейін бес жылдан артық мерзім ішінде -

борыштың толық сомасында;
борышты өтеу басталғанға дейін қалған бес жылдың ішінде:
1-ші жыл - реттелген борыш сомасының 80%-і;
2-ші жыл - реттелген борыш сомасының 60%-і;
3-ші жыл - реттелген борыш сомасының 40%-і;
4-ші жыл - реттелген борыш сомасының 20%-і;
5-ші жыл - реттелген борыш сомасының 0%-і;
2003 жылғы 1 қаңтардан бастап:

борышты өтеу басталғанға дейін бес жылдан артық мерзім ішінде - реттелген борыш сомасынан 80% мөлшерінде;

борышты өтеу басталғанға дейін қалған бес жылдың ішінде:
1-ші жыл - реттелген борыш сомасының 60%-і;
2-ші жыл - реттелген борыш сомасының 40%-і;
3-ші жыл - реттелген борыш сомасының 20%-і;
4-ші және 5-ші жылдар - реттелген борыш сомасының 0%-і."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ол 2002 жылғы 1 тамызға дейін реттелген борыштарды есептеуге байланысты туындайтын қатынастарға қолданылады.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу үшін шаралар қабылдасын;

2) осы қаулы күшіне енген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы